

Әкімдіктің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 136 "Мемлекеттік жалға берілетін үйдегі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 347 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 желтоқсанда № 5268 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 89 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 17.03.2022 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Бұйрығына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Науырзым ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 136 "Мемлекеттік жалға берілетін үйдегі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4827 тіркелген, 2014 жылғы 19 маусымдағы "Науырзым тынысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қараменді ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 8 үй мекенжайы бойынша орналасқан сегіз пәтерлі жалға берілетін үйдегі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына жалпы алаңның бір шаршы метріне 56 (елу алты) теңге мөлшерінде төлемақы мөлшері белгіленсін."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Исмаиловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК